

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 25 комплект оқулық бар, оқушы саны – 39, 14 комплект оқулық басқа мектептерден алынып, қамтамасыз етілді. 11 сыныптың жаратылыстану –математика бағытында 38 оқушы бар, 47 комплект оқулық, оқулықтар жеткілікті. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта 34 оқушы, комплект саны- 28, басқа мектептерден алынған оқулықтармен толықтырылды. Жалпы оқулықтармен қамтамасыз етілу 100%.

Қауыл етті: Сынып жетекшілер оқушыларға берілген оқулықты күтіп ұстау туралы ақпарат беріп жыл аяғында 100 пайыз оқулықты тапсыру міндеттелсін.

4.Тыңдалды: ББЖМ дайындау жоспарымен таныстыру

Директор А.М.Ахмеджанова білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығы негізінде жүзеге асады. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі (ББЖМ) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз білім сапасын жүйелі үздіксіз бақылаудың бір түрі болып табылады.

ББЖМ мақсаты:

* Бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінде - сәйкес білім беру деңгейінің жаңартылған МЖБС шеңберінде білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізілетіндіктерін айта кетті.

Сөйледі: ДООЖЖ орынбасары А.А.Каскеева

4-сынып оқушыларының 2025-2026 оқу жылына ББЖМ дайындық кестесі

Мақсаты: Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісіне сапалы дайындық ұйымдастыру.

Міндеті: 4-ші сынып оқушыларын ББЖМ-не сапалы дайындау мақсатында оқу-тәрбиелік үрдісін ұйымдастыру, білім сапасының жоғарылауына ықпал жасайтын факторларды анықтау. Сынақ тест алу, нәтижесін талдау, мониторинг жүргізу. Ата-ана, оқушы, мұғалім арасындағы байланысты нығайту, кері байланыс жүргізу болып табылатынды айта келе жұмыс жоспары және дайындық кестесін таныстырды.

Сөйледі: ДООЖЖ орынбасары Г.К.Оразова

9 - сынып оқушыларының ББМЖ дайындық жүргізу мақсаты ББМЖ сапалы дайындық ұйымдастыру.

Міндеті: 9- сынып оқушыларын ББМЖ сапалы дайындау мақсатында оқу-тәрбиелік үрдісін ұйымдастыру, білім сапасының жоғарылауына ықпал жасайтын факторларды анықтау.

Сынақ тест алу, нәтижесін талдау, мониторинг жүргізу.

Ата-ана, оқушы, мұғалім арасындағы байланысты нығайту, кері байланыс жүргізу екендігін айта келе жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар қорытынды аттестаттауға дайындықты ұйымдастыру және өткізудің іс – шараларды, PISA дайындық кестесі, ЖОО түсуге тілек білдіруші мектеп бітіруші түлектер үшін ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын бақылау мақсатында жасақталған іс-шаралар жоспарымен де таныстырды.

Қауыл етті: Жоспарға сәйкес ББЖМ , PISA, қорытынды аттестаттауға, ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын пән мұғалімдер жүргізсін.

-Жүргізілген сынақтар бойынша қорытынды жасалсын.

Жоспарға сәйкес қазан айында 9-сыныптардан ББЖМ жүргізілсін.

5.Тыңдалды: Мұғалімдердің функционалды міндеттері, біліктілік талаптары, ҒӘ жоспарымен таныстыру (STEAM-ZHАС жоба) , тәлімгерлік - кәсіби даму негізі, ӘБ жұмыс жоспарларын орындау, педагогтың функционалды міндеттері

Сөйледі: ДҒЖЖО Сарсенбекова А.А.